

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресей Өзен Регистрінің арасындағы ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 1 наурыз N 315

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 15 тамызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресей Өзен Регистрінің арасындағы ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігі мен Ресей Өзен Регистрінің
арасындағы ынтымақтастық туралы
ШАРТ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі және Ресей Өзен Регистрі кемелерді техникалық қадағалау және оларды жіктеу саласында ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтыла отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

Тараптардың әрқайсысы оның келісімі және басқа Тараптың тапсырмасы болған кезде, басқа Тарап сыныбы бар кемелерді жасау, қайта жабдықтау, жөндеуге, сондай-ақ материалдарды және бұйымдарды дайындауға техникалық қадағалауды жүзеге асырады. Өзара орын басудың нақты шарттары өзара орын басу туралы хаттамада немесе келісімде, немесе жазбаша тапсырмада бейнеленеді.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы капитанның немесе кеме иесінің өтініші бойынша басқа Тарап сыныбы бар кемеңі пайдалануда техникалық куәландыру жүргізуі мүмкін. Осындай өтініш алған Тарап бір апта ішінде басқа Тараптан техникалық куәландыруға келісуін және қажетті нұсқауларды сұрауы тиіс.

3-бап

Кемелерді жасау, қайта жабдықтау және жөндеу, материалдарды, кеме жабдықтарын даярлауға техникалық қадағалауды және кемелерді пайдалануда куәландыруды жүзеге асыру кезінде Тараптардың әрқайсысы, сыныбы кемеге берілуі тиіс Тараптың Ережелерін басшылыққа алатын болады, ал қадағалау, қадағалауды жүзеге асыратын Тараптың жұмыс процедураларына сәйкес жүргізілетін болады.

4-бап

Қадағалауды жүзеге асыратын Тарапта басқа Тараптың Ережелерін пайдалануға немесе құжаттарын тағайындауға қатысты күдік туындаса, ол бір апта үшінде сәйкес түсініктемелер алу үшін басқа Тарапқа бұл жөнінде хабарлауы тиіс.

5-бап

Кемелерді жасау, қайта жабдықтау мен жөндеуге, сондай-ақ кеме сыныбына әсер ететін жабдықтарға техникалық құжаттарды кемеге сынып беретін Тарап өзінің техникалық талаптарына сәйкес келіседі. Жұмыс сызбалары оның техникалық жобасы мен сыныбына байланысты кеме жасалатын Тараптың ережелеріне сәйкес қадағалау жүргізетін Тараппен қаралады және мақұлданады.

6-бап

Кемені жасау, қайта жабдықтау және жөндеу аяқталғаннан кейін Ережелермен реттелетін кеме құжаттарының бір нұсқасы кемеге сыныбы берілетін Тарапқа тапсырылады. Пайдалануда тұрған кеме куәландырылғаннан кейін немесе материалдарды және кеме жабдығын дайындауға қадағалау орындалғаннан кейін куәландыруды жүргізген Тарап басқа Тарапқа берілген құжаттардың бір-бір нұсқасын тапсырады.

7-бап

Тараптардың екеуімен танылған халықаралық шарттармен, үкімет аралық келісімдермен және Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңдарымен көзделген құжаттар кемеге жалауымен жүзу құқығы берілген мемлекет үкіметінің уәкіл органдарымен беріледі. Осы орган кемелердің халықаралық шарттардың талаптарына сәйкестігін қадағалау, сондай-ақ бақылау тәртібін анықтайды.

8-бап

Осы Шарт бойынша Тараптармен ресімделген құжаттарда "... тапсырмасы бойынша" жазбасы жасалуы тиіс.

9-бап

Тараптар олардың құзыретіне қатысты мәселелер бойынша ақпаратпен алмасады.

Тараптар олардың қызметінде қолданылатын Ережелермен, олардың кемелерді пайдалану ерекшелігінен және басқа себептерден туындаған өзгерістермен және толықтырулармен, қызметтегі жарғылармен, басшылықтармен, нұсқаулықтармен, техникалық нормалармен алмасады.

10-бап

Қажет болған жағдайда Тараптар Ережелер мен техникалық нормаларды қолдану және түсіндіру жөнінде техникалық және ұйымдастырушылық мәселелер саласында, сондай-ақ ғылыми-техникалық жұмыс мәселелері жөнінде кеңестер жүргізеді.

11-бап

Басқа Тараптың тапсырмасы бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын Тарап тоқсан сайын басқа Тарапқа жасалған және жоспарланған жұмыс туралы ақпарат береді.

12-бап

Осы Шартпен көзделген қадағалау жұмыстарының құны Тараптардың біреуінің тарифі бойынша белгіленеді. Төлем мынадай үлгімен бөлінеді:

- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің тапсырмасы бойынша Ресей Өзен Регистрінің қадағалауы немесе куәландыруы кезінде:

- Ресей Өзен Регистріне - 70 %

- Қазақстан Республикасының бюджетіне - 30 %

- Ресей Өзен Регистрінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің қадағалауы немесе куәландыруы кезінде:

- Ресей Өзен Регистріне - 30 %

- Қазақстан Республикасының бюджетіне - 70 %

Қаржылық есептер қадағалау бойынша орындалған жұмыстар туралы жарты жылдық есептердің негізінде жүзеге асырылады.

Есептерде қадағалау заты, тиісті шоттардың сомалары, берілген құжаттардың нөмірлері мен бөлінуге арналған сома көрсетіледі.

Банк деректемелері:

Ресей Өзен Регистрі

МБ АК СБ РФ Мәскеу қаласы, Измайлов ОСБ 2695/1302

Е/ш 40503810038340100016

К/ш 30101810600000000342 БИК 044525342 ИНН 7719037972

Көліктік бақылау комитеті

Астана қаласы, Сарыарқа ауданы бойынша Салық комитеті

Астана қаласы қазынашылық басқармасы

коды 202108 "Мемлекеттік мекемелермен ұсынылатын қызмет көрсетуден түсімдер"

Е/ш 000080900 РНН 195301041

МФО 620300000000

Республикалық бюджет табысына

Тараптардың әрқайсысы өздерінің банк деректемелерінің өзгергені жөнінде басқа Тарапқа жедел мәлімдейді.

13-бап

Тараптар осы Шарттан туындаған өзінің өкілеттіктерін басқа біліктілік ұйымдарына тапсыра алмайды.

14-бап

Тараптардың әрқайсысы мүдделі органдар мен ұйымдарға осы Шартты жасағаны туралы мәлімдейді.

15-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Шартты бұзуға болжанған күнге дейін, кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа бұл жөнінде жазбаша хабарлап, осы шартты бұзуға құқығы бар қадағалауға байланысты және Шартты бұзу күнінде әлі аяқталмаған жұмыстар осы шарттың ережелеріне сәйкес аяқталуы тиіс.

16-бап

Осы Шартқа Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын дербес Хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

Осы Шарт бес жыл мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішілік процедуралардың Тараптармен орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаның күнінен бастап күшіне енеді.

2000 жылғы 15 тамызда Астана қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге келіспеушіліктер пайда болған кезде Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрлігі үшін

Ресей Федерациясының
Ресей Өзен Регистрі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК